

---

*II. Uluslararası Avrasya Çalışmaları Sempozyumu*

---

# AVRASYA'DA TÜRKİYAT ve ŞARKİYAT ÇALIŞMALARI

İSTANBUL ÜNİVERSİTESİ  
FARABİ AVRASYA ÇALIŞMALARI UYGULAMA VE ARAŞTIRMA  
MERKEZİ

**Yayına Hazırlayanlar ve Editörler**

Araş. Gör. Turgay GÖKGÖZ  
Araş. Gör. Onur KILIÇER



DEMAVEND



Demavend Yayınları  
Elektronik yayınlar serisi: 4  
İstanbul, Aralık 2018  
Yayın yönetmeni: Neval Güzelyüz  
Editörler: Turgay GÖKGÖZ-Onur KILIÇER  
Kapak tasarımı ve iç düzen: Demavend  
Eserin türü: Edebiyat, araştırma

© Bu eserin bütün hakları Demavend Yayınları'na aittir. 5846 Sayılı Fikir ve Sanat Eserleri Yasası'nın hükümlerine göre eserin tamamı ya da bir bölümünün, izinsiz olarak elektronik, mekanik, fotokopi veya herhangi bir kayıt sistemi ile yayınlanması, çoğaltılması ya da depolanması yasaktır.

T.C. Kültür ve Turizm Bakanlığı  
Yayıncı Sertifika No: 27406  
ISBN: 978-605-9986-84-7

**Demavend Yayınları**  
Başak Mah. Yeşil Vadi Cad.  
Metrokent, A1 Blok, D. 87  
Başakşehir-İSTANBUL  
☎ : 0090 212 500 36 07  
demavend@demavend.com.tr  
<http://www.demavend.com.tr>

---

**Kütüphane Bilgi Kartı**  
**(Cataloging-in-Publication Data)**

1. Edebiyat 2. Kültür  
3. Dil  
445 sayfa; 16x24 cm

---

## İÇİNDEKİLER

---

ALMAN ŞARKİYATÇI HELMUTT RITTER VE TÜRKİYE’DE AKADEMİK VE YAYIN HAYATINA KATKISI

*Abdullah KIZILCIK*..... 1

ORTA ASYA KİTAP KÜLTÜRÜNÜN OLUŞUM TARİHİNİ İNCELEME SORUNLARI

*Aigerim SERİK*..... 4

MODERN KÜRESELLEŞME VE KÜLTÜR İLE TOPLUMA ETKİSİ

*Aigul KARKANOVA*

*Zhuldyz ZHUNUSOVA*..... 7

BASIN ALANINDA KÜLTÜRLERARASI İLETİŞİM SORUNLARI

*Aikerim ALİMZHANOVA*..... 13

KAZAK BASIN DİLİNDE İSLAMİ TERİMLERİN KULLANILIŞINA BİLİŞSEL DİLBİLİM AÇISINDAN GENEL BİR BAKIŞ

*Akmaral BİSSENGALİ*..... 21

MÜNŞİ MAHBUB ALEM VE “KAVÂİD-İ TURKÎ”

*Arzu ÇİFTSÜREN*..... 30

İKİNCİ DÜNYA SAVAŞI SONRASI SOVYET ETKİ ALANINDA TÜRK DİLİ VE EDEBİYATI EĞİTİMİNİN EVRELERİ

*Atilla JORMA*..... 40

SÖZLÜKÇÜLÜKTE BİR DİLLİ İZAHLI SÖZLÜĞÜ GELİŞTİRMENİN ÖNEMİ ÜZERİNE

*Ayabek BAYNİYAZOV*

*Canar BAYNİYAZOVA*..... 57

AVRASYA’DA ÇAĞDAŞ TÜRKOLOJİNİN GELİŞİMİNDE BAZI GÜNCEL EĞİLİMLER

*Azamat AKBAROV*..... 69

KIRGIZ DEVLETİ’NİN GELİŞİM AŞAMALARI

*Baatyrbek AKYLBEKOV*..... 80

AKYT HACI ULUMCUOĞLU ALTAYLININ ESERLERİNDEKİ TÜRK HALKININ MANEVİ İLİŞKİSİ VE DİNİ DURUMU

*Bakhytzhan SATERSHİNOV*

*Samet OKAN*..... 85

“ATABETÜ’L HAKAYİK” ESERİNİN (XII. YÜZYIL) ARAŞTIRILMASINDA  
KAZAKİSTAN BİLİM ADAMALARININ KATKISI

<i>Bakıtgül KULJANOVA</i> .....	93
FARŞÇA KAYNAKLARDA TÜRK-MOĞOLİSTAN TARİHİNİ İNCELEYEN ARAŞTIRMACILAR	
<i>Botagoz TÖLİMBETOVA</i> .....	99
BAĞIMSIZ TÜRK CUMHURİYETLERİ, BAĞIMSIZLIKLARINDAN HEMEN ÖNCE VE HEMEN SONRA (1986-1995)	
<i>Cafer MUSTAFALI</i> .....	123
KAZAKİSTAN’DA ARAŞTIRMA BİLGİ ALANININ SOSYAL-FELSEFİK ÖZELLİKLERİ	
<i>Dosjan BALABEKULY</i>	
<i>Abdullah KIZILCIK</i>	
<i>Zh.A. ALTAEV</i> .....	137
GELENEKSEL GAGAUZ KÜLTÜRÜNDE UNLU MAMUL VE EKMEKLERE AİT TÜRK İSİMLERİ	
<i>Evdokia SOROCHYANU</i> .....	148
MODERN TÜRKOLOJİNİN GELİŞMESİNDE K. JUBANOV’UN ROLÜ	
<i>Gulzhan SHOKYM</i> .....	157
EDEBİ DİL VE ESKİ TÜRK YAZISI	
<i>Güljibek KUSMANOVA</i> .....	170
TÜRK COĞRAFI ATLARI VE ONLARIN KAZAKİSTAN’DAKİ ARAŞTIRMALARI	
<i>Gülmira MADIYEVA</i>	
<i>Saule BEKTEMİROVA</i> .....	177
GÜRCÜ TÜRKOLJİ EKOLÜ: TEMSİLCİLERİ VE ESERLERİ	
<i>Gülnara GOCA MEMMEDLİ</i> .....	198
HİNDİSTAN SÖMÜRGEÇİLİĞİNDE ORYANTALİZM VE İLK İNGİLİZ ŞARKİYATÇILARINDAN WILLIAM JONES	
<i>Hatice GÖRGÜN</i> .....	208
URDU ŞİİRİNDE TÜRKİYE’NİN ANALİTİK OLARAK İNCELENMESİ	
<i>Mohammad RASHID</i> .....	213
AVRUPALILARIN HİNT ALT KITASINDAKİ SÖMÜRGEÇİLİK, ŞARKİYAT FAALİYETLERİ VE WARREN HASTİNG	
<i>Muhsin Ramazan İŞSEVER</i> .....	220
XXI. YÜZYILDA TÜRK DÜNYASI: TÜRKOLOJİNİN GÜNCEL KONULARI	
<i>Nataliya SEITAKHMETOVA</i> .....	227

<i>Madina BEKTENOVA</i> .....	227
TÜRK LÜGATİNDEKİ ARAPÇA UNSURLAR	
<i>Nevin KARABELA</i> .....	236
RUS VE KIRGIZ ETNEKÜLÜ'DE KADIN / AYALZAT KAVRAMLARI	
<i>Nurjamal CHONMURUNOVA</i> .....	245
TÜRK TAŞ HEYKELLERİNİN EVRİMİ VE KORUNMASI SORUNLARI	
<i>Oraz SAPASHEV</i>	
<i>Aizhan SMAİLOVA</i> .....	250
ORTA ÇAĞDAKİ SIĞANAK ŞEHRİ: ORTA ASYA'NIN MANEVİ VE KÜLTÜREL MERKEZİ	
<i>Oraz S. SAPASHEV</i>	
<i>Daniyar SHALKAROV</i> .....	282
CENGİZ AYTMATOV'UN AVRUPA'DAKİ MİSYONU (1990-2006)	
<i>Rahima ABDUVALIEVA</i> .....	299
ÖZBEK TÜRKÇESİNDEKİ RUSÇA ALINTILARDAN TÜRETİLEN MESLEK ADLARI	
<i>Rauf MUSTAFAOĞLU</i> .....	302
TÜRKİYE'DE SAFEVİ TARİHİ HAKKINDA YAPILAN ÇALIŞMALAR ÜZERİNE BİR BİBLİYOGRAFYA DENEMESİ	
<i>Samet BALTA</i> .....	323
KAŞGARLI MAHMUT - TÜRK DÜNYASINDA İLK ONAMAST	
<i>Saule BEKTEMİROVA</i>	
<i>Gülmira MADİYEVA</i>	
<i>Erkin KAKİMJANOV</i> .....	375
"KUTADGU BİLİG" ÜZERİNE ONYMLER'İN YAPISI	
<i>Saule IMANBERDİYEVA</i>	
<i>Gauhar ALİMBEK</i> .....	388
KAZAK HALKININ GELENEKSEL MANEVİ DEĞERLERİ	
<i>Saule SHAİMERDENOVA</i> .....	404
KAZAK TOPRAĞINDA YAŞAYAN TATAR EDEBİ ŞAHISLARI (AKMOLLA ŞAİR ŞİİRLERİ)	
<i>Şınaray BÜRKÜTBAYEVA</i> .....	413
GÜRCİSTAN ŞARKİYAT ENSTİTÜSÜ: FAALİYETİ, ESERLERİ	
<i>Şureddin MEMMEDLİ</i> .....	419
ARMİNİUS VAMBERY'DE ORYANTALİZM OLGUSU (1832-1913)	
<i>Turgay GÖKGÖZ</i> .....	429

## **KAZAK TOPRAĞINDA YAŞAYAN TATAR EDEBİ ŞAHISLARI (AKMOLLA ŞAİR ŞİİRLERİ)**

### **ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕГІ ТАТАР АҚЫН-ЖАЗУШЫЛАРЫ (АҚМОЛЛА АҚЫН ЖЫРЛАРЫ)**

**Şınaray BÜRKÜTBAYEVA\***

#### **Кіріспе**

Қазақстан – туысқан түркі халықтарының байырғы ата – бабалары мекендеген - Отан. Мыңдаған жылдар бойы қалыптасу, даму, сақталу белестерінен өтіп, қазіргі заманғы тәуелсіз, дербес мемлекет болған қазақ елінің территориясында әр түрлі ұлыстар мен диаспоралар бірге өмір сүріп келеді. Солардың қатарында туысқан түркі тілдес халықтар (ұйғыр, татар, түрік, әзірбайжан, өзбек, т.б.) өкілдері де бар.

Татарлар – Қазақстанның ежелгі заманғы тарихымен терең сабақтас байланыстары бар халық. Бұдан мың жыл бұрынғы полеолит, тас, қола дәуірлері мәдениет бастауларынан (абашевтік, қиып жасау, қазанжаны, ананьдік, п्यानбор мәдениеттері) іргетасы қаланған татар ұлтының өзіне тән ежелгі дәстүрлері де бар. Б.д. IV-VII ғ.ғ. қазіргі Татарстанның Оңтүстік бөлігінде именьковтік мәдениет тайпалары мекендесе, солтүстігінде аземіндік тайпалар орналасқан. Зерттеулерде татарлардың б.з.д. IV ғ. ғұндардың, Түркі хазар қағанаттарының құрамында болғанын айтады. Соңғы зерттеулер [1,5 -1,3] скиф, ғұн, бұлғар, хазар қазіргі татардың негізі екенін айтылады. IX ғасырға дейін қазіргі Татарстан жеріне Волгалық - Камалық болгарлардың ағыстырылған мадбярлық (протовенгерлік) тайпалары мекендеген. Татарстанның қазіргі территориясы X – XIVғ.ғ. Волгалық – Камалық Булгарияның құрамына кірген. Қалаларында қолөнер мен металлургия дамыған. 1177 жылы (жаңа зерттеулер бойынша) Волгадағы болгарлық қамал Қазан құрылған [2,298] Волга бойы және Орал төңірегінде түркі халықтары 1223 -1240 ж.ж. Алтын Орда – Қыпшақ мемлекетінің құрамында болған, XV – XVIғ.ғ. дербес өмір сүрген Қазан хандығы Ресей патшалығының 1545 -1552 ж.ж. басқыншылық жорықтарының нәтижесінде тәуелді елге айналды. Берідегі Татарстан Ресей мемлекетінің құрамындағы Автономды Татарлар – әлемдегі түркі тілдес халықтардың бірі.

---

\* Doktora Öğrencisi, Al-Farabi Kazak Milli Üniversitesi, Şarkiyat Fakültesi, Türkoloji Bölümü (burkitbaeva.1975@mail.ru).

Қазақстандағы ең байырғы түркі халықтарының бірі ретінде тәуелсіз Қазақстанның жаңа тарихын қалыптастыруға, дамытуға мол үлес қосып келеді. Қазақстан халықтары Ассамблесы бағдарламасы бойынша жарық көріп жатқан тарихи жарияланымдар бойынша Татар диаспорасының ұлттық және әлемдік өркенеттегі лайықты орыны айқын көрінеді. Мысалы, Ә.Құланбайдың «Қазақ даласына қалай қоныстанған?» атты мақаласында Татар халқының әлем елдеріне орналасуы туралы деректер берілген: “ЮНЕСКО – ның мәліметтері бойынша әлемдегі татар халқы дүние жүзінің барлық елдерінде өмір сүріп жатыр. Ең көп қоныстанған жері – Ресей Федерациясы. Олардың басым бөлігі өздеріннің тарихи отаны – Татарстанда, Башқұртстанда және Удмурт Республикасында қоныстанған. Сондай-ақ, Татар халқының өкілдерін Түркия, Қытай, Германия, Австралия, АҚШ, Жапония, Канада, тағы басқа мемлекеттерден де көптеп кездестіруге болады” (2,2).

Қазақстандағы татарлардың көп шоғырланған жерлері - Ақмола, Алматы, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Оңтүстік Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облыстары және Алматы қаласы. Қазақ даласында бірнеше ғасырлардан бері бірге өмір сүріп келе жатқан Татар халқы диаспорасының да өзіндік тарихи жолы бар. Тарихи деректер бойынша Татарлардың қазақ даласына қоныстана бастауы 1552 жылы Ресей Империясының басқаншылық шабуылдарының салдарынан 1552 жылы Қазан хандығының құлауынан кейін басталатыны айтылады. Сонымен бірге, XVIII ғасырдың 1773 – 1775 ж.ж. Е.Пугачев бастаған көтеріліс аяусыз басылғаннан кейін сол көтеріліске белсене қатысқан (2,298) Еділ, Орал, Жайық атыраптарындағы татар, башқұрт халықтарына жасалған отаршыл озбыр саясаттың қуғын сүргінінен, қудалауынан кейін де Татарлар ата жұрттарынан Қазақстан аймақтарына қоныс аударғаны белгілі. Ал, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың алғашқы ширегінде татар іскерлері, көпестері Қазақстандағы ұсақ сауда істерінің қалыптасуы мен дамуында жетекші болды. Татар және Қазақ іскерлерінің бірлескен шағын кәсіпорындары Қостанай, Ақтөбе, Бірғыз, Қарабұтақ және т.б. елді мекендерде ашылды. Қазақ даласындағы материалдық және рухани мәдениет дамуының арнасында татар халқының қайраткер ұл-қыздарының есімдері мол. Бұл арада, біз әрине ағартушылық және әдеби байланыстар жүйесіне ғана тоқтала аламыз. Қазақстандағы жәдитизмнің таралуына И.Гаспиринский, Ш.Маржани,

К.Насыри сынды татар қайраткерлері ықпал етті. «Ғалия» медресесінде татардың классик жазушысы Ғалымжан Ибрагимовтен және соның үлгісіндегі татар ағартушыларынан татар, башқұрт ақындары Ш.Бабич, Х.Туфан, С.Құдаш және қазақ ақын-жазушылары М.Жұмабаев, Б.Майлин, Ж.Тілепбергенов, А.Мұстафин, т.б. білім алды. Семейде мұғалімдік қызмет атқарған Р.Елікбаевтың да қазақ еліндегі ағартушылық үлесі зор. Тарихшы, этнограф, дінбасы Құрбанғали Халиди (1846-1913), Шахимардан Кашафутдин (1864-1920), Ахмет Уразаев Курмаши (1855-1883), Зариф Башири және т.б. көрнекті татар ағартушылары қазақ халқының рухани мәдениетін дамытуға зор еңбек сіңірді. Профессор Б.Кенжебаев «Ақмолла ақын» деген мақаласында «Ақмолла өлеңдерін аралас тілде – қазақ, башқұрт, татар тілдерін араластырып жазған. Ақмолла өлеңдерінің басым көпшілігі – заман туралы, қазақтың тұрмысы, хал – ахуалы туралы, оқу, өнер, ғылым туралы, дін, мінез – құлық туралы болып келеді. Бұлардың бәрінің идеялық мазмұны, ақынның негізгі идеясы – шығыстағы діни – жәдитшілдік. Осы ретте Ақмолла татарлар арасында алғаш шыққан усули жәдит ағымын, оның көрнекті өкілі Шиһабдин Маржаниды дәріптейді; өзін жәдитшіл, Маржанидың шәкірті деп жариялайды, Маржаниға арнап үлкен өлең жазады. Ақмолланың ақын атағын шығарған көбінше оның осы өлеңі болады» (4,100). Қазақстандағы татар мәдени – ағартушылық ықпалының кең қанат жаюына, жәдитшілдік бағыттың озық өркениеттік сипатын насихаттауға дәнекер болған Ақмолланың «Маржаниға мадақ жыр» атты көлемді өлеңінің идеялық – композициялық құрылымындағы ойлар, толғаныстар мынадай желілерден құралған: біріншісі – татар халқының көрнекті ғалымы, ағартушысы Шиһабдин Маржанидың (1818-1889) қайраткерлік қасиеттерін көркем кестелі мағыналы сөздермен, сөз тіркестерімен поэтикалық әдеби тұлғасын даралау, мінездеу; екіншісі – мұсылмандық Шығыс, түркі – татар тарихындағы бұрынғы – соңғы атақты ағартушы – ғұламаларды салыстыра – сабақтастыра мадақтау; үшіншісі – лирикалық кейіпкердің жылау – жоқтау зары. Мадақ – жоқтау өлең – түркі – татар және әлем өркениеті сабақтастығын танытатын шығарма. Мадақ – жоқтау жырдың нысанына алынған тарихи тұлғаны даралау, мінездеу – лирикалық көркем шығарманың шынайы поэтикалық – эстетикалық болмысын айқындайтын ерекшелік. Қазіргі қазақ әдебиеттану қисыны бойынша (проф: Ө.Күмісбаев) «Мадақ өлең – салтанатты оқиғаны жырлауға арналған, біреуді қошеметтей сипаттайтын мақтау өлең» (5,



135). Өлеңде тақырып нысанындағы тарихи тұлғаның татар халқының көрнекті қайраткері, ғалымы екендігі поэзиялық көркем бейнелі кестелі тіркестермен өріле өрнектелген: «Қазаннан ғалым шықты алмас болып...» атты жырында «...Майданда көрсетті ол артық қайрат, / Бәйгеде өзгелерден шықты ойнап. / Қараңғыда шамшырақ жағылған ол, / Сары май ыстық сүтке тамызған ол. / Саламаттық сарынның көзін ашып, / Ақиқат өзендерін ағызған ол. / Ол бір ер сөз бастайтын керек жерден, / Құдайым оған зерек жүрек берген...», деп дәріптейді. Татар халқының ұлттық мақтанышына айналған тұлғаға ақын бұдан да басқа салыстырмалы бағалаулар жасайды. Ш.Маржаниды жамандап жазылған «Жаруда», қатесі мол Хисаметдин ибн – Шарафетдин Муслимидің «Табарикыл Бұлғар» кітабын сынайды, оқымыстыны мойындағысы келмейтіндердің сөздерін, қылықтарын «Бұзық ой», «Жала», «Шаяндай шыдай алмай шағарсыз», «Нашарсыз», «Күншілдік», «Менмендік», т.б. сыншыл тілмен айыптай жырлайды. Татар халқының көрнекті ғалымының адамгершілік, оқымыстылық ұялаған тұлғасының ұлттық дәрежеден де жоғары әлемдік өркениет деңгейіндегі биіктігін асқақтата бейнеленген поэтикалық сипатпен өрнектейді: «Көзің сал, Маржани – ол Темірқазық. / ...Ер болған ерендерді қор тұтпаңыз, / Айырма жоқ біз үшін Қашқар, Қазан. / ...Ол ғалым Фазалидей болса – дағы, / Жамандап бір нәрсені жазарсыз сіз... / ...Стамбул, Мысыр, Шамда теңдесі жоқ, / Қашқар, Қазан, Дағыстан былай тұрсын. / ... «Ықтибарын» ілтипатқа алғаннан соң, / Құрметті Ризаетдин – жүйрік, жүрдек. / ...Дәрежесін білген соң ықылас қойды, / Дамолла Бурханитдин Қазы – Хазрет. / ...Мәмсун Дамолланың мадағын көр, / Ләззатты ғибраты жігіттей – ақ, / Келеді шет өлкеден неше ерлер. / Стамбул, Үндістаннан кемеңгерлер (4,116-119). Түркі халықтары мәдениетіндегі Маржанидың биік тұлғасын даралауда ақын оның кітаптары («Жәлал», «Хикмети балиға», «Назура») ұстазын, тұңғыш татар ағартушысы Курса Хазірет – Габденнасыр Қурсауиді (1776-1812), әуелде қырын қараған, кейін жақтасы болған (Мунибулла), кертартпа – қарсыластары (Рахматулла, Қышқар Хазрет; Машқара) болғандарды да ақын қарама-қайшылықты өмір шындығы сипатында жырлайды. «Ол бір ғалым, ғұлама – озған топтан, / Қазы деген аты бар ыждаһаттан.... / Зор пікір, терең ойлар қалдырған ол, / Бес жүз жылды батырларды талдырған ол. / Әр жерде сөзі орындыәрі анық, / Әр сөзі турады екен күндей жанып. / Бұл заманда туған жоқ оған теңдес, / Ағартушы ішінен мұндай алып» (4,112-113).

Білімімен, ғылымымен туған халқына, жер-жаһанға әйгілі болғандарға тән қасиеттер («Жылқының тұлпарындай жұлдыз – қасқа», «Гауһардай қондырылған асыл тасқа», «Шежіре ағашының тамыры терең», «Ұстасы сұлу жонып салған тастай», «Жібінің тігілген жері тарқалмастай», т.б.) поэтикалық бейнелеулермен жырланған. Ақын Ш.Маржаниды күндеушілер, жамандаушылар мен оны сүйіспеншілікпен қабылдаушылар арасындағы қарама – қайшылықтарды шендестіре, салыстыра көрсету арқылы тіршілік қозғалыстарын ұлы заңдылығын да түсіндірген: «...Әуеде ал бір сұңқар айнала ұшқан, / Біз жүрміз қара құстай іздеп тышқан. / Түлкілер інде шыдап тұра алмайды, / Жатқандай кең апанда жүрегі ұшқан... / ...Жақсыны сөккенменен аты кетпес, / Көңілдеп жаман сөздің таты кетпес. / Нәжиске саф алтынды бояғанмен, / Нәжис кетер, алтынның заты кетпес.» (4,124). Өлеңнің соңғы бөлігіндегі сегіз шумақ түркі поэзиясындағы дәстүрлі жоқтау үлгісімен жырланған. Әрбір шумақтың соңында «Айрылдық-ау, дариғай!» атты тармақтар қайталанып қолданылған. Өлеңнің бұған дейінгі композициясында қолданылған мадақтау, мақтау бейнеліліктері тағы да қайталана («Ол ер – күннің зоры еді, жасынның жалқын нұры еді», «Артында жазу, хаты бар, зерек, сана, заты бар», т.б.) қолданылады, асылынан айырылған адам көңілінің мадағы мен мұны тұтасқан зары төгілген: «Батырлықта – мықтысы ал, / Заттылықта – сыстысы ал. / Шешендікте – күштісі ал, / Айырылдық-ау, дариғай ай! (4,126.).

### **Қорытынды**

Қазақ жерінде кешегі Ақмолла ақындар салып кеткен сара жолды жалғастырушы татар ақын-жазушылары бүгін де өз деңгейлерінде әдеби шығармалар беруде. Негізінен аға буын өкілдерінен тұратын татар поэзиясының иелері өз еңбектерін қазіргі заман талабы, жаңа өркениетке сай жазуда. Кешегі заманның жыры негізінен ағартушылық, жаппай халықтық білім беру, ағарту саласына жұмылдырылған болатын, ал бүгінгі заманның жыры - мыңдаған жылдар бойы ата-бабамыз аңсап қол жеткізген - тәуелсіздік жыры, түбі бір түркі тектес елдердің ынтымақтастығы, мәңгі ел идеологиясы. Тәуелсіз еліміздегі татар диаспорасының өкілдері де Ақмолла ақындар жолымен жүріп еліміздің тәуелсіздігінің баянды болуы жолында еңбек етіп, ел идеологиясын насихаттап жырлар жазуда.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Қашқари Махмуд. Түбі бір түркі тілі (Диуани луғат ит-түрк). Алматы: Ана тілі, 1993.
2. Татарлар: Құланбай Ә. Қазақ даласына қалай қоныстанған? Егемен Қазақстан. 5-ақпан. -2005. №23. –б.2
3. Литература народов Казахстана –Алматы: НИЦ «Ғылым» 2004. - 352с
4. Шарипов С. Екі томдық шығармалар жинағы. –Алматы: Жазушы, 1982. –Т.1: Повестер. -488б.
5. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі \ Құрастырушылар: З.Ахметов, Т.Шаңбаев. –Алматы: Ана тілі, 1996. -240б.